**Қаракемер мектеп-балабақшасының «Мектеп парламенті» білім**

**алушылардың өзін -өзі басқару органдарының**

**2022-2023 оқу жылындағы жылдық жұмыс есебі**

Қаракемер мектеп-балабақшасында 2022-2023 оқу жылының басында Мектеп Парламентінің жұмыс жоспары құрылып, жұмысы ұйымдастырылды. 14қыркүйек күні өзін-өзі басқару ұйымының президенті және Ұланбасы сайлауы өтті. Сайлауға дейін сайлау алды дайындық жұмыстары жүргізіліп,үміткерлермен кездесулер ұйымдастырылды. 12 үміткер өз бағдарламаларын дайындап,таныстырды. Сайлау нәтижесінде: 9сынып оқушысы Серікбаева Гүлім-24,4% пайызбен Мектеп президенті, ал 8сынып оқушысы Жақсылыққызы Альмира- 19,7% пайызбен Ұланбасы боп сайланды.







Қарттар мерекесі күніне орай 30 қыркүйек күні «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты «Жас Ұлан» Ұландары мен өзін өзі басқару ұйымының белсенділері мерекеге орай концерттік шара ұйымдастырылды. Қариялар оқушыларға ризашылығын білдіріп, алғыстарын айтты.





Ұстаздар күніне орай мектеп «Ұстазға құрмет» тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымы бастаған құттықтау челленджі ұйымдастырылды.







Ұстаздар күніне орай өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Дублер күні» өтті. Мектеп директоры Б.М.Есқалиева мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнінің өткізу ережесі мен тәртібі туралы және мектепішілік бұйрығымен таныстырып,сәттілік тіледі. Үзіліс кезінде оқушылар мектеп тәртібін де қадағалап өз үлестерін қосты.




Қаракемер мектеп-балабақшасында қыздар күніне орай «Қыз бала әдебі» тақырыбында мектеп мейірбикесі Ш.С.Шотанова баяндама жасап,қыздарға гигиеналық тазалық ұстану кезіндегі әдептіліктері туралы баяндалды.




.8-9 сынып қыз балаларымен «Үлгілі үйдің қыздары» атты сайыс өткізілді. Мақсаты: оқушыларға эстетикалық тәрбие беру,қолөнерге баулу,салт дәстүр сыйлау,адамгершілік,шығармашылығын дамыту.




Үзіліс кезінде Мектеп Парламенті мүшелері көңілді ойындар ұйымдастырды. Мақсаты: оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуге үлес қосу.





Мектеп парламентінің «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының ұйымдастыруымен бастауыш оқушылары арасында «Спорт және Денсаулық!» атты спорттық сайыс өткізілді. Сайыс өте тартысты, қызықты өтті. Нәтижесінде: 4класы I орын,3класы II орын, 2класы III орынды иеленді. Жеңімпаздар марапатталып, қатысушыларға алғыс жарияланды.



13-желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай, 2-класс және 5-класс оқушыларын «Жас Ұлан» біріңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиыны өткізілді. «Жас Қыран» қатарына 4 оқушы, «Жас Ұлан» қатарына 7 оқушы қабылданды.



Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері «Шахмат ойнау» челленджін жолдады





Мектепішілік оқушылардың формасы,сырт келбеттері айына тексеріліп тұрады. Кемшіліктерді класс жетекшілерге ескертіп,ұсыныс айтылды.

Мектебіміздің мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері 1 наурыз «Алғыс айту күніне» орай, халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында «Алғысымыз шексіз» атты челленджін ұйымдастырды.





«Алғыс айту күніне» орай мектеп парламентінің өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Алғыс жәшігі» қойылды. Мақсаты: оқушылар ұстаздарға деген ыстық ықыластарын, алғыстарын білдіріп,ашық хаттарымен өз сыйластық сезімдерін білдіру. Наурыз айында мектебімізде алғыс айту күнінде мектеп оқушылары ұстаздарға көтеріңкі көңілді күй сыйлады. Ұстаздар ризашылықтарын білдірді.








Мектебіміздің Парламент мүшелері мамыр айында өткізілген «Жол қозғалысының жас инспекторлар жасақтарының » аудандық слетінде белсене қатысып «Үздік саптық көрініс» номинациясымен марапатталды.





